



БҰЙРЫҚ

13.08.2021

Нұр-Сұлтан қаласы

ПРИКАЗ

№ *48-Н/К*

город Нур-Султан

**Әкімшілік бөлім туралы Ережеге,
бөлім меңгерушісінің, аға сарапшының
(мемлекеттік сатып алушының) лауазымдық
нұсқаулықтарына толықтырулар енгізу туралы**

Әкімшілік бөлімнің сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің функцияларын орындауын қамтамасыз ету мақсатында
БҰЙЫРАМЫН:

1. Серіктестіктің 2020 жылғы 3 ақпандағы № 4-нқ бұйрығымен бекітілген Әкімшілік бөлім туралы Ережеге, әкімшілік бөлім меңгерушісі мен аға сарапшының (мемлекеттік сатып алушының) лауазымдық нұсқаулықтарына мынадай толықтырулар енгізілсін:

1) Әкімшілік бөлім туралы Ережеде:

6-тармақ мынадай мазмұндағы 5-тармақшамен толықтырылсын:

«5) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша сыртқы реттеушілік талаптар мен ең үздік халықаралық практиканың сақталуын, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттарын сақтауды қамтамасыз ету және «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі шаралар жүйесін тиімді іске асыру, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау, бағалау және қайта бағалау болып табылады.»;

7-тармақ келесі мазмұндағы 25-1, 25-2, 25-3, 25-4, 25-5, 25-6, 25-7, 25-8, 25-9 тармақшалармен толықтырылсын:

«25-1) Серіктестіктің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі ішкі нормативтік құжаттарын әзірлеу, Серіктестіктегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс саласындағы стандарттар мен саясатты әзірлеу және өзектендіру;

25-2) корпоративтік этикалық құндылықтарды дамыту, Серіктестік жұмыскерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы сақтауын бақылау;

25-3) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және Серіктестікте сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мәселелері бойынша түсіндіру іс-шараларын жүргізу;

25-4) Серіктестіктегі мүдделер қақтығысын анықтау, мониторингілеу және реттеу бойынша шаралар қабылдау;

25-5) мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдар санатына жататын Серіктестік жұмыскерлерінің «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді сақтауы тұрғысынан мониторинг жүргізу;

25-6) өтініштер бойынша тергеп-тексеру жөніндегі жұмысты немесе Серіктестіктің құрылымдық бөлімшелері қызметінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг нәтижелері бойынша алынған ақпарат негізінде ұйымдастыру;

25-7) құрылымдық бөлімшелер мен жұмыскерлердің қызметіне Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша ҚР заңнамасы және Серіктестіктің ішкі нормативтік құжаттары талаптарының сақталуы тұрғысынан тексеру жүргізу;

25-8) «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығына сәйкес сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу;

25-9) Серіктестік жасасатын азаматтық-құқықтық шарттарға, оның ішінде сатып алу туралы шарттарға шарт тараптарының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың, іскерлік әдеп пен парасаттылықтың нормаларын, адал бәсекелестік қағидаларын міндетті түрде сақталуын көздейтін ережелерді енгізуді қамтамасыз ету;»;

8-тармақ мынадай мазмұндағы 7, 8, 9, 10-тармақшалармен толықтырылсын:

«7) Серіктестіктің ішкі нормативтік құжаттарымен регламенттелген, бекітілген рәсімдер шеңберінде Серіктестіктің құрылымдық бөлімшелерден ақпарат пен материалдарды, оның ішінде коммерциялық және қызметтік құпияны құрайтын ақпарат пен материалдарды сұратуға және алуға;

8) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің құзыретіне жататын мәселелерді Серіктестіктің бірінші басшысының қарауына шығаруға бастамашылық жасау;

9) Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын ықтимал бұзушылықтар туралы келіп түскен хабарламалар бойынша қызметтік тексерулер жүргізуге бастамашылық жасауға құқылы;

10) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің құзыретіне жататын мәселелер бойынша кеңестер ұйымдастыру және өткізу. »;

9-тармақ мынадай мазмұндағы 4, 5, 6-тармақшалармен толықтырылсын:

4) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет функцияларын жүзеге асыру кезеңінде белгілі болған Серіктестік және оның үлестес тұлғалары туралы ақпараттың, инсайдерлік ақпараттың құпиялылығын сақтауға міндетті;

5) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметіне жүтінген адамдардың сыбайлас жемқорлықтың, корпоративтік әдеп және сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс мәселелері бойынша өзге ішкі саясаттар мен рәсімдерді бұзудың болжамды немесе нақты фактілері бойынша құпиялылығын қамтамасыз ету;

6) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнаманы бұзудың болуына немесе ықтимал мүмкіндігіне байланысты кез келген жағдайлар туралы Серіктестіктің бірінші басшысын уақтылы хабардар етуге міндетті.»;

11-тармақ мынадай мазмұндағы 7-1, 7-2 тармақшалармен толықтырылсын:

«7-1) Серіктестіктің басшылығына сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет іс-қимыл мәселелері бойынша жүгінеді;

7-2) Серіктестіктің басшылығына барлық сыбайлас жемқорлық әрекеттері, тергеп-тексеру нәтижелері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің тәуелсіздігіне әсер ету фактілері туралы хабарлайды;».

1) Әкімшілік бөлім меңгерушісінің лауазымдық нұсқаулығында: 7-тармақ келесі мазмұндағы 25-1, 25-2, 25-3, 25-4, 25-5, 25-6 тармақшалармен толықтырылсын:

«25-1) Серіктестік жұмыскерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама мәселелері бойынша заңнама және ішкі құжаттар талаптарын сақтауын қамтамасыз етеді;

25-2) заңнаманың, Серіктестіктің ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын, мүдделі тараптар алдындағы міндеттемелерді сақтамау салдарынан Серіктестіктің комплаенс-тәуекелдерінің және олармен байланысты залалдарының алдын алуды және оларды барынша азайтуды жүзеге асырады;

25-3) Серіктестік қызметінің ашықтығын және оған сенімді нығайтуды қамтамасыз етеді;

25-4) Серіктестік басшылығына комплаенс-тәуекелдерді басқаруға, Серіктестік қызметкерлері арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат жүргізуге жәрдем көрсетеді

25-5) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет қызметінің мәселелері бойынша Серіктестік басшылығына тікелей жүгіну, Серіктестік басшылығына сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша ұсыныстар дайындау және енгізу;

25-6) барлық сыбайлас жемқорлық іс-әрекеттері туралы, тергеп-тексеру нәтижелері туралы және сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің тәуелсіздігіне әсер ету фактілері туралы Серіктестік басшылығына хабарлауға;»;

8-тармақ мынадай мазмұндағы 6, 7-тармақшалармен толықтырылсын:

«6) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің құзыреті шегінде ішкі бақылауды, тәуекелдерді басқаруды және корпоративтік басқаруды жетілдіру мәселелері бойынша және өзге де мәселелер бойынша кеңестер мен іс-шараларға қатысу;

7) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша кеңес шақыруға бастамашылық жасауға құқылы.»;

3) аға сарапшының (мемлекеттік сатып алушының) лауазымдық нұсқаулығында:

7-тармақ келесі мазмұндағы 29-1, 29-2, 29-3, 29-4, 29-5, 29-6, 29-7 тармақшалармен толықтырылсын:

«29-1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс мәселелері бойынша заңнама, Серіктестіктің ішкі құжаттары және ең үздік әлемдік практика талаптарына тұрақты мониторинг жүргізеді және олар өзгерген жағдайда Серіктестік үшін салдарларды айқындайды;

29-2) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс мәселелері бойынша Серіктестік қызметінің заңнама және Серіктестіктің ішкі нормативтік құжаттар талаптарына сәйкестігін бағалауды жүзеге асырады;

29-3) Серіктестіктің комплаенс-тәуекелге немесе беделін жоғалту тәуекеліне ұшырау дәрежесіне ықпал ететін бастамашылық (күпия) ақпараттандыру желісі бойынша келіп түсетін ақпаратқа сыбайлас жемқорлыққа қарсы жүйелі талдау жүргізеді;

29-4) сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында Серіктестік үшін үшінші тұлғалардың сенімділігін тексеру рәсімін (афилирленгендігін, үшінші тұлғалардың сенімсіз тізімдерде, тізілімдерде, тізбелерде болуын тексеру) енгізуді қамтамасыз етеді;

29-5) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс мәселелері бойынша қызметтік тергеп-тексеруге толық аяқталғанға дейін және түзету шаралары қабылданғанға дейін қатысады;

29-6) қаржылық және/немесе қаржылық емес шығындардың ықтимал көлемі бойынша комплаенс-тәуекелдерді анықтау және бағалау бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шараларға қатысады, Серіктестік қызметінің, процестерінің сыбайлас жемқорлық комплаенс-тәуекелдерге ұшырағыштығын айқындайды;

29-7) Серіктестікке сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс мәселелері бойынша саясатты, рәсімдерді және өзге де ішкі құжаттарды енгізуге қатысады;».

2. Әкімшілік бөлімі (Қ.Б. Есжанов) осы бұйрықты Серіктестік қызметкерлерінің назарына жеткізсін.

3. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Директор

A handwritten signature in blue ink, appearing to be 'С. Кенжеболат', written in a cursive style.

С. Кенжеболат